

Хаттама № 3

«Павлодар қаласы «Жас дарын» мамандандырылған мектебі» ММ
қамқоршылық кеңесінің отырысы

31.10.2019 ж.

Жалпы саны – 17

Қатысқаны – 13

Облыс бойынша білім саласындағы бақылау департаментінің мүшесі:
Мухаметалинова А.О.

Күн тәртібінде:

1. «Жас дарын» мектебі директорының бос лауазымдығына кандидат Жанғазы Гүлнар Садыққызының білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспарын тыңдау

Тыңдалды:

Негізгі сұрақ бойынша «Жас дарын» мектебі директорының міндетін атқарушы, қазіргі таңда осы бос лауазымға үміткер Жанғазы Гүлнар Садыққызы сөз сөйледі. Өз баяндамасында мектепте 1 жыл директордың міндетін атқару барысында істелінген жұмысын көрсетіп, қазіргі жағдайды болашаққа негізделген мектепті дамыту бағдарламасын ұсынды.

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, Павлодар қаласы маслихат депутаты Қобланбек Нұрмұханұлы Кожин: Біздің ойымызша, Павлодар облысы білім беру басқармасы Павлодар қаласының «Жас дарын» мектебінің директоры бос орнына жариялаған конкурсына қатысқан Гүлнар Садыққызы Жанғазының кандидатурасына осы лауазымға сәйкес деп келісімімізді береміз.

Себебі бұл кісі бір жылда осы мектепте директор міндетін атқарып бірталай шаруа жасап шықты, ол жұмыс нәтижесін барлығымыз көріп келеміз. Мектеп көркейе түсті, балаларымызға мектепте сапалы білім алуға жағдай жасалуда.

Сонымен қатар, тек мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту емес, бұл кісі оқу-тәрбие процесіне де көп өзгерістер енгізді. Біз ата-аналар ретінде кітап оқу жобасын, дарынды баланы дамыту жобасын, ақылы курстар арқылы кәсіби бағдар беру жобаларын толығымен қолдаймыз. Осы да басқа шаралар, біздің ойымызша, барлық оқушылардың білім сапаларын көтеруге, түрлі олимпиадаларға жеңімпаз атануға және болашақта өз мамандығын таңдап, қазіргі заман талабына сай білікті азамат болуға септігін тигізеді деп сенемін.

Осы кандидатураны қолдауға және дауыс беруге шақырамын.

Хаттамалық шешім:

1. Павлодар облысы білім беру басқармасы Павлодар қаласының «Жас дарын» мектебінің директоры бос орнына жариялаған конкурсына қатысқан Гүлнар Садыққызы Жанғазының кандидатурасына осы лауазымға сәйкес деп келісім берілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Исамбаева Г.Г.

Хатшы: Нурмаканова А.М.

Облыс бойынша білім саласындағы бақылау департаментінің мүшесі:
Мухаметалинова А.О.

Қатысқан ата - аналар :

1. Билялова А.Б.
2. Оспанова Г.С.
3. Туменова Г.С.
4. Айсакова Ш.Е.
5. Елубаева Д.Н.
6. Нуршаканова А.М.
7. Музапарова М.Т.
8. Ахметова У.У.
9. Сарсекеева А.К.
10. Нурахметова А.С.